



«БЕКІТЕМІН»

«AULIATA-MEDIA» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры
Д.Асқарұлы

«AULIATA-MEDIA» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы АНЫҚТАМАСЫ

Тараз қаласы
01.11.2024 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

«AULIATA-MEDIA» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (бұдан әрі – *Серіктестік*) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді жүзеге асыру үшін төмендегі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Казыбаев А.Ш. - бас директорының орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі.

Раймбекова Г.Н. - бас бухгалтер;

Есеманов Х.Е. - «AQ JOL» газеті редакциясының бас редакторы;

Рахымбаев Н.М. - Цифрлық контент орталығының жетекшісі;

Кембаева А.Ж. - заңгер;

Садубаева К.Ж. - персоналмен жұмыс жөніндегі аға маман, комплаенс-офицер.

Талдау түрі: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін Серіктестік қызметін ішкі талдау.

Қамтылған кезеңі: 01.01.2024 ж. – 30.09.2024 ж. аралығы.

Мерзімі: 31.10.2024 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды :

1. Қолданыстағы құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестік өз қызметінде келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі,

2. Қазақстан Республикасы «Масс-медиа туралы» заңы,

3. Қазақстан Республикасы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы,

4. Қазақстан Республикасы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша

жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңы,
 5. Қазақстан Республикасы «Жарнама туралы» заңы,
 6. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңы,
 7. Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының
 біліктілік анықтамалығын бекіту туралы 2020ж. 30 желтоқсандағы
 №553

бұйрығы,

8. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен
 ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың
 қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан
 Республикасы

Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы,

9. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен
 ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың
 қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан
 Республикасы

Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына
 өзгерістер

енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2019 жылғы №
 302

қаулысы,

10. Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде
 шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу
 қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018
 жылғы

11 мамырдағы № 256 қаулысы, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру
 қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы
 министрінің

2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы.

Серіктестіктің қызметіне әсер ететін Қазақстан Республикасының
 нормативтік құқықтық актілерін талдау нәтижесі бойынша Серіктестікте
 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін кемсітушілік
 өкілеттіктер мен нормалардың жоқтығын көрсетті. Қолданыстағы құқықтық
 актілерден сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ.

2. Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестіктің бекітілген Жарғысы Қазақстан Республикасының
 заңдарына сәйкес қызмет етеді. Бірдей немесе сабақтас құқықтық қатынастарды
 реттейтін ішкі құжаттар мен жеке құқықтық актілер арасында, сондай-ақ құқық
 қолдану қызметі процесінде және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін

талдау объектісін жүзеге асыруы кезінде туындайтын сәйкессіздіктер мен қайшылықтар белгіленбеген.

3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қазіргі таңда Серіктестіктің штат саны 93 бірлікті құрайды.

Оның ішінде:

- басқарушы персонал – 7 штат;
- негізгі персонал – 72 штат;
- әкімшілік персонал – 6 штат;
- қосалқы персонал – 8 штат;

Қамтылған кезең аралығында – 21 қызметкермен еңбек шарты бұзылды, барлығы қызметкерлердің бастамасы бойынша, теріс себептермен босатылғандар жоқ. Жұмысқа қабылданғандар саны – 27 адам. Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар белгіленген мерзімдер мен рәсімдерге сәйкес келеді.

Қызметкермен еңбек шарттарын жасасу және тоқтату туралы ақпарат электрондық форматта сайтқа уақтылы енгізіледі (www.enbek.kz).

Серіктестіктегі кадрларға тәртіптік ықпал ету Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 64-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2024 жылдың наурыз айында бір қызметкерге өзінің жұмысында бұзушылыққа жол бергені үшін ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданды. 2024 жылдың сәуір айында екі қызметкерге еңбек тәртібін бұзғаны үшін және жұмысын жауапсыз атқарғаны үшін сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданды.

Жалпы бұл бағытта жұмыс тиісті деңгейде ұйымдастырылған. Серіктестік басшылығы тарапынан тиісті бақылау қамтамасыз етілген. Кадрлардың ауысуы бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері орын алмаған.

4. Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

Серіктестікке қамтылған кезеңде ішкі талдау жүргізу барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысын алдын алу мақсатында Серіктестік басшылығымен кеңес отырыстар өткізіліп, отырысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының базалық бағыттары және Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптары қатысушылармен талқыланып түсіндіріледі.

Жақын туыстарына (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, толық және толық емес аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-әжелері, немерелері) немесе жұбайлары атқаратын лауазымға тікелей бағыну фактісіне байланысты

қызметті жүзеге асыру кезінде үлестес фактілері анықталған жоқ. Серіктестіктің барлық қызметкерлері ішкі нормативтік құжаттарымен, лауазымдық нұсқаулықтармен таныстырылды. Персоналды басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестікте 2024 жылдың 02 қыркүйек – 11 қазан аралығында Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторлық тексеруі жүргізілді. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең 2022 жылдың қаңтар айынан бастап 2024 жылдың маусым айын қоса алғандағы аралығы. Мемлекеттік аудиттың мәні: Даму жоспарының көрсеткіштерінің орындалуы, бюджеттік бағдарлама, қаржыландыру жоспарының орындалуы, бухгалтерлік және қаржылық құжаттар, міндеттері мен функцияларының іске асырылуы. Тексерудің түрі: Үстеме тексеру.

Мемлекеттік аудит жүргізуде сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ және кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.

6. Бақылау функцияларды жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестік бақылау функцияларын іске асырмайды.

7. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі басқа да мәселелерге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі басқа да мәселелерге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылға байланысты қызмет бағыттары бойынша жұмысты ұйымдастыру тиісті деңгейде. Серіктестікте қамтылған кезең бойынша жеке және заңды тұлғалардан ешқандай өтініштер түскен жоқ.

8. Қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдері мемлекеттік сатып алулардың тәртібін реттейтін қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алуларды өткізу мемлекеттік сатып алу вэб порталы арқылы электрондық хабарландыру жариялау жолымен жүргізіледі.

«AULIЕATA-MEDIA» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "Елге камқор" мүгедектер қоғамдық бірлестігі арасында ашық конкурс тәсілімен (жоспарда бекітілген қаражат сомасы 26 875 000 теңге) 22 200 000 теңгеге «AQ JOL» газетін басып шығару және экспедициялау бойынша 2024 жылғы 14 ақпанда №13 келісім-шарт, «Знамя труда» газетін басып шығару және экспедициялау бойынша (жоспарда бекітілген қаражат сомасы 11 125 000 теңге) 9 000 000 теңгеге 2024 жылғы 12 ақпандағы №14 келісім-шарт, «AR-AI» газетін басып шығару және экспедициялау бойынша (жоспарда бекітілген қаражат сомасы 11 000 000 теңге) 9 000 000 теңгеге 2024 жылғы 14 ақпандағы №15 келісім-шарттар жасалды. Алайда, басылымдардың таратылу тиражы артып кетуіне байланысты, ұтып алған сомалар жыл соңына дейін жеткіліксіз болып, аталған келісім-шарттарға қосымша келісім веб портал арқылы жіберілді. Камералық бақылау функциясы арқылы растау құжаттары болмағандықтан қосымша келісімді тоқтату туралы хабарлама жіберілді. Аталған хабарлама бойынша дер кезінде шара қолданылып, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ-не растау құжаттары хат арқылы жеткізілді. Жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жоғарыда көрсетілген келісім-шарттарға қосымша-келісім жіберілді. Есептік кезеңде жоғарыда аталған функциялар бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері болған жоқ.

9. Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау.

Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша: Серіктестіктің Жарғысында көрсетілген функционалдық міндеттеріне сәйкес жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету құзыреті жоқ.

Қорытындылай келе Серіктестік қызметкерлеріне келесі іс-шараларды

орындау ұсынылады:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша жұмыстарды орындау барысында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларын сақтау және кадрларды жиі ауыстыру фактілеріне жол бермеу.

2. Мүдделер қақтығысына жол бермеу.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша заң талаптарын бұзушылыққа жол бермеуді.


4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қақтығысы жоғары аймақтарына жататын қызметке тұрақты ішкі бақылау мен аудитті жүзеге асыру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыруды.

6. Жұмыс барысында және жұмыстан тыс уақытта Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау.


Жұмыс тобының жетекшісі

Бас директордың орынбасары



_____ Казыбаев А.Ш.

Жұмыс тобы


Бас бухгалтер


_____ Раимбекова Г.Н.


«AQ JOL» газеті редакциясының
бас редакторы


_____ Есеманов Х.Е.


Цифрлық контент орталығының
жетекшісі


_____ Рахымбаев Н.М.

Заңгер


_____ Кембаева А.Ж.

Персоналмен жұмыс жөніндегі
аға маман


_____ Садубаева К.Ж.